

2024 жылғы III тоқсандағы Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдары көрсеткен қызметтер көлемі туралы

Жариялау күні: 29.08.2024

Келесі жариялау күні: 29.11.2025

1. Негізгі ойлар
2. Жоғары білімнің негізгі көрсеткіштерінің динамикасы
3. Глоссарий
4. Әдістемелік түсініктемелер
5. Қатысты басылымдарға сілтемелер
6. Пайдалы сілтемелер

1. Негізгі ойлар

2024 жылғы III тоқсанда Қазақстан Республикасындағы білім беру ұйымдарымен қызметтің негізгі түрі бойынша көрсетілген қызметтердің көлемі 1266485,6 млн.теңгені құрады, оның ішінде 85,9% бюджет есебінен, 11,6% - халықтан түскен қаражат есебінен, 2,5% - кәсіпорындар қаражаты есебінен орындалды.

Қызметтің негізгі түрі бойынша қызметтердің ең үлкен көлемі негізгі және жалпы орта білім саласында қалыптасты, олардың көлемі 692129,3 млн. теңге немесе қызметтердің жалпы көлемінен 54,6%, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында 212856,4 млн. теңге (16,8%), жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында – 122302,7 млн. теңге (9,6%) құрады.

Қызметтің негізгі түрі бойынша қызметтердің ең аз көлемін бастауыш білім беру саласында 16635,4 млн. теңге сомасында, көлік құралдарының жүргізушілерін дайындау мектептерінің қызметі көрсететін ұйымдар 762,4 млн. теңге сомасында және орта білімнен кейінгі білім беретін ұйымдар 3,4 млн. теңге сомасында қызмет көрсетті.

2024 жылғы III тоқсандағы қорытындысы бойынша қызметтің негізгі түрі бойынша көрсетілген қызметтер көлемінің 78,6% мемлекеттік меншік ұйымдары, 20,7% жеке меншік ұйымдары және 0,7% шетелдік меншік ұйымдары ұсынды.

Есепті кезеңде қызметтің негізгі түрі бойынша шағын кәсіпорындар ұсынған көрсетілген қызметтер көлемі 644563,4 теңгені (50,9%), орта кәсіпорындар – 454862,96 млн. теңгені (35,9%) және ірі кәсіпорындар –167059,2 млн. теңгені (13,2%) құрады.

Интернет желісі арқылы ұсынылатын білім беру ұйымдары көрсеткен қызметтердің көлемі 9107,4 млн.теңгені құрады.

Электронды кестелер

[2024 жылғы III тоқсандағы Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдары көрсеткен қызметтер көлемі туралы.](#)

Динамика

Білім беру ұйымдары көрсеткен қызметтердің көлемі


мың теңге

	I тоқсан 2023	II тоқсан 2023	III тоқсан 2023	IV тоқсан 2023	I тоқсан 2024	II тоқсан 2024	III тоқсан 2024
Қызмет негізгі түрі бойынша көрсетілген қызметтер, барлығы	1 183 571 427	1 512 131 377	1 110 181 630	1 586 985 648	1 318 714 431	1 728 828 926	1 266 485 586
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтер	163 746 436	185 093 757	170 562 975	217 072 085	203 529 032	259 073 397	212 856 435
Бастауыш білім беру саласындағы қызметтер	20 963 661	20 300 988	13 608 272	28 120 664	26 839 815	191 448 085	16 635 445
Негізгі және жалпы орта білім беру саласындағы қызметтер	698 412 850	957 393 576	641 020 807	868 357 179	762 294 445	831 337 701	692 129 340

Техникалық және кәсіптік орта білім беру саласындағы қызметтер	79 677 248	103 095 959	65 496 474	114 012 129	93 415 780	119 590 184	85 165 430
Орта білімнен кейінгі білім беру қызметтері	63 508	88 178	28 760	66 663	3 371	4 947	3 401
Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы қызметтер	127 929 585	132 792 165	122 134 979	224 666 922	127 931 620	179 979 574	122 302 665
Спорттық білім беру және бос уақытты ұйымдастыратын мамандарды оқыту саласындағы қызметтер	30 980 069	37 576 522	32 176 015	39 334 381	34 827 199	44 139 138	39 581 496
Мәдениет аясында білім беру саласындағы қызметтер	17 060 220	23 709 054	14 393 345	19 351 339	18 691 574	26 560 008	16 701 210
Жүргізушілерді дайындау мектептерінің қызметтері	423 762	455 714	470 276	884 076	411 558	779 071	762 445
Басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де білім беру саласындағы қызметтер	31 420 770	42 563 397	40 475 112	59 583 434	41 742 178	64 169 358	62 441 101
Қосалқы білім беру қызметтері	9 640 271	9 062 067	9 814 615	15 536 776	9 027 859	11 747 463	17 906 618

Қызметтің негізгі түрі бойынша көрсетілген қызметтер көлемі (ЭҚТӨЖ* бөлінісінде)

пайызбен



*ЭҚТӨЖ - Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімдер жіктеуіші .

2. Глоссарий

Көрсетілген қызмет көлемі – кәсіпорындардан, ұйымдардан және (немесе) тікелей халықтан (үй шаруашылықтарынан) оларға көрсетілген қызметтер үшін төлеміне түскен қаржы көлеміндегі білім беру ұйымдары көрсеткен қызметтердің құны болып табылады және ол өз кезегінде алынған немесе алынуға тиіс табыс ретінде мекемелердің өткізу құны бойынша бағаланатын ұйымның табысы ретінде бағаланады.

Қызмет көрсету – адамның немесе тұтастай қоғамның қандай да бір қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған қызмет.

Қызметтің негізгі түрі - қосылған құны шаруашылық субъектісі жүзеге асыратын кез келген басқа қызмет түрінің қосылған құнынан асатын қызмет түрі.

Қызметтің қосалқы түрі - үшінші тұлғалар үшін өнімдерді (тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді) өндіру мақсатында жүзеге асырылатын, негізіден басқа қызмет түрі.

3. Әдістемелік түсініктемелер

Релизде меншіктің, ведомстволық тиістілік пен мөлшерліліктің барлық нысанындағы қызметтің негізгі түрі білім беру саласындағы ұйымдардың, білім беру саласында қызмет көрсететін кәсіпорындардың статистикалық деректері ұсынылды.

Интернет арқылы ұсынылатын қызметтер – бастауыш, негізгі және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім деңгейлері бойынша оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету, білім беру ұйымының сайты әзірлеу және жүргізу, оқушылардың оқытушылармен және бір-бірімен интерактивті өзара іс-қимыл нысандарымен қамтамасыз ету, сондай-ақ Интернет қолдану негізінде оқу үдерісіне әкімшілік ету бойынша қызметтер.

4. Өзара байланысты жарияланымдарға сілтемелер

[Өндіріс әдісімен есептелген жалпы ішкі өнім \(2024 жылғы қаңтар-қыркүйек \(жедел деректер бойынша\)\).](#)

5. Пайдалы сілтемелер

[«Талдау» ақпараттық-аналитикалық жүйесі](#)

Басылым үшін жауапты: Халық статистикасы департаменті	Департамент директоры: Н. Ханжігітов Тел. +7 7172 749061	Орындаушы: Д. Муханғалиева Тел. +7 7172 749345 E-mail: D.Mukhangalieva@aspire.gov.kz	Мекен-жайы: 010000, г.Астана пр. Мәңгілік ел, 8 Министрліктер үйі, 4 подъезд
---	---	--	---